

А.Б. Баймбетова¹, А.Г. Гиззатжанова¹, Д.М. Мухияева¹, Д.М. Айкупешева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²С.Сейфуллин атындағы Қазақагротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: asel_baymbetova@mail.ru)

Жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасының инновациялық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары

Мақалада қазіргі таңдағы, нақтырақ айтатын болсақ, жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасының инновациялық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жолдары қарастырылған. Бүгінгі таңда, қай салада болсын, өндіріс саласы болсын, қызмет көрсету саласы болсын өзекті мәселелердің бірі бәсекеге қабілеттіліктің алатын орны жоғары болып отыр. Қазақстанның дамуы жаһандық жандануы мен инновациялық өркендеуінде қоғамдағы жағдайының жоғарылауын байқауға болады. Демек, қарастырылып отырған өзекті мәселе ұлттық инновациялық жүйенің жандануы мен дамуы, заңдық актілер мен стратегияларын әзірлеу, оларды модернизациялау, сонымен қатар мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың инновациялық әлеуетінің мүмкіндіктері мен қауіптерін бағалау, оларды бір ортаға келтіретін кластерлер негізінде қарастырылды. Сондай-ақ өндіріс немесе қызмет көрсету кәсіпорының оңтайлы, әрі тиімді қызмет етуі жүйелік тұрғыда кооперациямен байланыстыра отырып, бәсекелестік пен ынтымақтастық деңгейде ерекшеленуге немесе басып озуда мүмкіндік береді. Осындай іс-әрекеттер инновациялық тұрғыда бәсекеге қабілетті өнім немесе қызметтің, нақтырақ айтсақ, бизнестің нарыққа ыңғайлы жаңа бір моделін және ұлттық инновациялық жүйелерді қалыптастыруға, ақпараттар мен білімді таратуға, нормативтік-құқықтық және заңнамалық базаны жандандыруға мүмкіндік береді. Жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасының көптеген дамушы елдерінің қатарына қосылуы, экономикалық өсімі байқалған инновациялық саланың тиімді дамуына негізделуі байқалған. Инновациялық қызметтердің нәтижесінде кез келген ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетті бола алады.

Кілт сөздер: ұлттық экономика, экономикалық модель, стратегиялық даму, ұлттық инновациялық жүйе, мемлекетаралық кластер.

Мемлекетаралық кооперациялар кезіндегі экономикалық даму, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында, өнімдерді өндіру үрдістерінде, қызмет пен тауарлардың өндірісінде, ақпараттардың алмасуында, халықтың ұдайы өсуінде, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың жаңғыруында көрініс табады, яғни бір жүйе болуы керек. Ал жүйенің өзіндік мақсаты бар, ол Қазақстанның дамуы қоғамдық прогресс және инновациялық даму жолында қоғамның әлауқатының артуы кезінде көрінуі керек. Олай болса, тақырыптың өзектілігі ұлттық инновациялық жүйенің дамуы, заң актілері мен стратегияларын дайындау мен модернизациялау, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың инновациялық әлеуетінің мүмкіндіктері мен қауіптерін бағалау, «мемлекетаралық кластерлер» сияқты, өсу орталарын іздеумен артады.

Жалпы мемлекеттер арасындағы халықаралық желілерді құру өзіне келесілерді кірістіреді:

- бизнестің жаңа модельдерін қалыптастыру;
- ұлттық инновациялық жүйелерді қалыптастыру;
- ақпараттар мен білімдерді тарату;
- нормативтік-құқықтық және заңнамалық базаны жандандыру.

Мемлекеттер арасындағы кооперациялардың инновациялық әлеуеті олардың болашақтағы дамуы мен оның өзгеру қасиетімен сипатталады [1].

Инновациялық жүйелер әрбір ел үшін объективті факторлардың әсерімен қалыптасады, оған оның көлемі, табиғи ресурстың болуы, географиялық жағдайы мен климат, мемлекеттік институттарының тарихи даму ерекшеліктері және кәсіптік іс-әрекеттің формаларын жатқызуға болады, бұл факторлар инновациялық белсенділіктің ұзақмерзімді бағыты мен жылдамдығын анықтайтын детерминанттары болып табылады [2]. Сонымен, ұлттық инновациялық жүйелер белгілі бір құрылыммен және жүйелік иерархиялық тәртібімен ерекшеленеді, ал қазіргі уақыттағы ұлттық инновациялық жүйенің дамуы жаңа экономика ұғымымен байланысты, яғни инновациялар экономикалық өсудің қозғалтушы жүйесі болып отыр.

Қазіргі кезде ұлттық инновациялық жүйені (ҰИЖ) қоғамдық, жеке және ұлттық мемлекеттік ұйымдардың жиынтығы мен олардың арасындағы механизмдердің негізгі байланысы деуге болады.

Жалпы ұлттық инновациялық жүйе алынатын, сақталатын және қолданылатын экономикалық білімнің пайдасымен, инновациялық қызметтің тиімділігі кезінде көруге болады, ал инновацияның өнімдірілген өнімдердің басқа облыстарға қарапайым бейімділігі және бар технологияны модернизациялау сияқты формалары бар. Инновациядағы прогресс түрлі білім типтерін өндіретін және олардың ағындарын басқаратын, олардың қосымшаларын бөлетін және қамтамасыз ететін күрделі жүйенің өзара байланысқан элементтеріне негізделеді [3].

Мемлекеттердің инновациялық бағыттары үкімет органдарымен, басым инновациялық бағдарламалармен, жобалармен, кәсіпкерлік жағдаймен анықталады. Қазіргі уақытта халықаралық байланыс пен кластерлерді құру инновацияның дамушы бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінде мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы бірыңғай экономикалық кеңістікті құруды қолға алады, ол мемлекетаралық кластерді құру үшін негіз болып табылады. Бірыңғай экономикалық кеңістік – әрбір мемлекеттің артықшылықтарын пайдалану жолында ұлттық экономикалық дамудың стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын құрал. Қазіргі уақытта кластерлік стратегияны іске асыруда ұлттық экономиканың бәсекелестігін арттыру идеясы жаңа бағыт деп айтуға болмайды. Бірақ дағдарыстан шығу кезеңінде диверсификацияның дәстүрлі әдісі тиісті нәтижені бере алмайды, ал бизнесті ұйымдастырған кезде кластерлік модельді қолдану экономиканы модернизациялаудың негізгі баламасы [4].

Шет елдік кластерді құру тәжірибесінде мемлекеттер арасындағы сыртқы ортаның экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктеріне орай, кластерді ұйымдастыру мен дамытудың келесідей бағыттарын көрсетуге болады:

1. Кластерлердің ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз етілуін қалыптастыру:

– өңірлердің жетекшілері мен кәсіпкерлерге кластерлерді құру бойынша әдістемелік және практикалық материалдарды әзірлеу;

– кластерлерді құрумен байланысты бастамалар мен басымдықтарды көпшілікке дәріптеу;

– кластерлер идеясын таратуға құлшыныс білдірген мамандарды таңдап алу және оқыту;

– өңірлерде кластерлерді идентификациялау, олардың бәсекеге қабілеттілігіне талдау жүргізу;

– кластерлік жобаларды әзірлеу және іске асыру;

– мемлекеттік қолдауға ие болатын кластерлер қызметіне мониторинг жүргізу.

2. Кластерлік басталамаларды ынталандыратын экономикалық механизм:

– қаржыландыру;

– инвестициялық кластерлік жобаларды конкурстық негізде қаржыландыру;

– кластерді дамыту үшін жеңілдетілген несиелерді беру;

– кластерлер субъектілерін оқытуға гранттар ұсыну.

3. Халықаралық кластерлерді жылжыту формалары:

– сауда-экономикалық байланыстар;

– халықаралық конференциялар;

– шет елдік инвесторлармен халықаралық келіссөздер жүргізу;

– инвестициялық форумдар [5].

Инновациялық үрдісті мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыру үшін инновациялық мемлекетаралық кластерлерді дамыту керек. Инновациялық мемлекетаралық кластерлер мемлекеттердің ынтымақтастығы үшін негіз бола отырып, біріктірілген қызметті жүргізуге асырады, ақпараттық кеңістіктің қалыптасуының ортасы болып табылады. Ал кластердің кеңістігі ретінде үкімет, нарық, бизнес институттарын дамытатын базалар, жаңа технологиялар, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дайындау, әлемдік нарықтардағы инновациялық өнімдер мен инновациялық бастамаларының коммерциализациялануы мен жаңалықтарының алаңдарын алуға болады. Мемлекетаралық инновациялық кластерді құруға қатысушы-мемлекеттердің ынтымақтастығы және кооперация бағдарламаларын негіз ретінде қарастыруға болады. Заманауи экономика жағдайында құрастырылатын кластерлік табиғат синергетикалық эффект тудырады. Синергизм кәсіпорынның кез келген тобында топтық ресурстарды дұрыс ұйымдастыру мен бөлу кезінде қалыптасады. Синергетикалық эффектіні жүйелік эффект деп аталатын бірыңғай жүйенің жеке бөліктерінің интеграциялануы нәтижесінің тиімділік қызметінің артуы деп түсінуге болады. Жалпы алғанда, кластерді ұйымдастырушылық жүйе ретінде қарастыруға болады. Зерттеулерде кластер сызықты емес динамикалық жүйе, ол ұйымдық өзара әсер ету формасы болып табылады. Кластерлеу нарықта жоғары экономикалық пайда табуға бағытталған кәсіпорындардың кооперациясы болса, кластер ашық, күшті тепе-тең емес жүйеге жатады, оның дамуы табиғи

үрдіс [6]. «Табиғи даму үрдісіне жасанды әсер ету: уақыт циклын өзгертеді, реттеу немесе тұрақтандыру үрдістерін тездетеді немесе баяулатады, оның нәтижесі біз қаншалықты табиғи жүйеге әсер еткенімізге байланысты» [7]. Синергетикалық үрдіс тұрақты және тұрақты емес екі жүйенің дамуында іске асады. Оларда тиімді саясатты қалыптастыратын территориялардың инновациялық және инвестициялық қызығушылығын анықтау қиындығы, субъектілердің жағдайын бағалайтын көрсеткіштер жүйесінің болмауы, ақпараттандырылу жүйесінің төмендігі, ұлттық инновациялық жүйенің бірегей болжамдық көрсеткіштер жүйесінің болмауы сияқты мәселелер туындайды. Құрылымдардың өзара әсерінен алынатын синергетикалық әсер макро-, мезо- және микродеңгейлерде таралады (1-кесте). ЕуроАзЭҚ шеңберінде инновация саласында мемлекеттердің кооперациясы дамиды, ЕуроАзЭҚ жоғары технологиялар орталығы құрылған, оның негізгі қызметі — қатысушы-мемлекеттер арасындағы инновациялық саясатты пайдалану мен қалыптастыруға жәрдемдесу; ұлттық инновациялық жүйені құрудағы жұмыстарды үйлестіру; инновациялық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру механизмін құру, сонымен қатар инновациялық салаға инвестицияларды тартуға мүмкіндік беретін, тұрақты инвестициялық жағдайды қалыптастыруға негізделген [8].

1 - кесте

Макро-, мезо- және микродеңгейлердегі кластердің қызметінен алынатын синергетикалық әсерлер


Тиімділік көрсеткіштері	Мемлекет	Аймақ/қала	Фирма
Бәсекеге қабілеттілік	Әлемдік деңгейде отандық компаниялар мен өнімдердің дамуы. Экспорттық мүмкіндіктер мен қарым-қатынастардың дамуы	Нарықтық ақпараттардың қолжетімділігі. Экспорттық мүмкіндіктердің дамуы	Халықаралық сапа стандарттарына сай сертификаттарға қолжетімділік. Өндірістік үрдістер мен операцияларды жетілдіру
Байланыстар мен өзара-әрекеттерді дамыту	Халықаралық деңгейде. Аймақтық деңгейде	Аймақтық деңгейде – фирма. Аймақтық деңгейде – аймақ (тәжірибемен алмасу). Аймақтық деңгейде – мемлекет	Тасымалдаушылар жүйесінің деңгейінде. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТҚЖ). Фирма деңгейіндегі – аймақ
Адами ресурстар	Қосымша жұмыс беру есебінен жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі	Университеттердің дамуы. Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі	Жоғары мамандандырылған кадрлар
ҒЗТҚЖ	Елдің инновациялық әлеуетінің өсуі	Ғылыми орталықтардың дамуы, бизнес инкубаторлардың дамуы, технопарктердің дамуы	ҒЗТҚЖ мен оның сарапшылық жүйесінің қолжетімділігі
Қаржылық ресурстар	Банктік сала мен инвестициялар	Аймақтағы ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту кезіндегі мүмкіндіктер	Кіші және орта кәсіпорындар үшін қаржылық ресурстардың қолжетімділігі
Іскерлік жағдай	Ел экономикасының жоғары қарқынды өсімі	Аймақ экономикасының жоғары қарқынды өсімі. Қолайлы инвестициялық жағдай	Кәсіпорындарды тіркеудің жеңілдетілген түрі. Әкімшілік шектеулердің төмендеуі

Ескерту. [1] әдебиеттен алынды.

Мемлекетаралық кластерді құру үшін ең бірінші мемлекеттердің әлеуетін зерттеу керек. Ұлттық инновациялық жүйесінің тиімді құралы ретінде макро-, мезо- және микродеңгейдегі нақты саясаты алынады. Ол мемлекеттердің қызығушылықтарын басқа мемлекеттердің территорияларының қызығушылықтарымен және елдің экономикасы мен әлемдік кеңістігіне сай өзара біріктірілуін талап етеді.

Қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) шет елде тұратын отандастар мен халықаралық гуманитарлық ынтымақтастық ісі жөніндегі Федералдық агенттігінің (Россотрудничество) тапсырысы және Армения, Беларусь, Қырғызстан, Молдова, Қазақстан, РФ, Тәжікстан, Украина мемлекеттерінің тапсырысы бойынша 2010 жылы ТМД үкімет басшыларының шешімімен 2020 жылға дейінгі ТМД қатысатын елдерінің инновациялық ынтымақтастығының мемлекетаралық бағдарламасын қабылдаған. Мақсаты — ТМД қатысушы-мемлекеттердің жаһандық бәсекелестігін арттыру, оны әлеуметке бағытталған инновациялық экономикада трансформациялау, біріккен инновациялық кеңістікте ұлттық инновациялық жүйеде тиімді өзара әрекеттесу негізінде инновациялық жүйеде экономикалық дамудың басымдықтарын іске асыруға мүмкіншілік жасау. Бағдарламаны іске асыру мерзімі — 2012–2020 жж. [9].

Мемлекетаралық инновациялық кластерлерді құру қолға алынып, жаңа ойлар іске асырыла бастады, олай болса, инновациялық жүйелердің моделін ұсынуға болады (1-сур.).



1-сурет. Инновациялық жүйе үлгісі [10]

Ұсынылған инновациялық жүйе Е.А.Монастырный бастаған РФ ғалымдарының құрылымдық композиция қағидасында қолданылады, оның негізгі ерекшеліктері:

А) *Элементтерді үш деңгей бойынша жіктеу* («Негізгі қызмет», «Қамтамасыз етуші қызмет», «Инновациялық жүйені басқару»).

Алғашқы деңгейде инновациялық өнімді өндіретін кәсіпорындар (кіші, орта, ірі бизнес) қызметі негізгі болып табылады. Ғылыми-білім беру кешендеріне және қолданбалы ғылымдарға тиесілі, сонымен қатар негізгі қызметте екі сегмент ажыратылады: өнімдер мен қызметтер және олардағы инновацияның дамуы, яғни, инновациялық қызметтің дамуы, ЖІӨ ғылыми-техникалық қызметтердің өзіндік үлесі бар.

Келесі деңгей «Қамтамасыз ету қызметі», инновациялық үрдістің қызмет көрсетуін «қамтамасыз етеді», онда инновациялық жүйенің еңбек ресурстарының қажеттіліктерін қанағаттандыруда білікті кадрлармен қамтамасыз ететін білім беруді ерекшелеуге болады, негізгі білімдер саласы инновациялық бастамалардың негізгі өндірушісі ретінде жоғарғы оқу орындарына тиесілі болып отыр.

Үшінші деңгей «Басқару деңгейі», координациямен айналысады, инновациялық қызметті ынталандырады, сол сияқты стратегиялық инновациялық саясатты қалыптастырады.

Б) *Жүйенің жеке элементі — нарық*, ол ішкі де, сыртқы да жүйеге қатысты сегмент бола алады.

Инновациялық жүйенің қызмет көрсету тиімділігі осы жүйе элементтерінің басқа жүйе құраушыларымен институционалды байланысының болуына тәуелді.

В) *Кіру және шығу параметрлері* маңызды аспект ретінде жүйеге және ол жүйенің ресурстық әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді, өзі экспорттайтын қызмет нәтижелерін талдай отырып, оның бағытталуын (ғылыми, технологиялық, саудалық) анықтайды.

Г) *Инновациялық жүйе бірнеше жүйемен байланысады*. Ол әлеуметтік-экономикалық жүйенің бөлігі, инновациялық жүйенің тиімді қызметі белсенді экономикалық өсімге және әлеуметтік-экономикалық жүйенің сапалық сипаттамасының өзгерісіне әсер етеді. Ұлттық инновациялық жүйе территориялардың қызмет көрсету жүйесінің сапасына тікелей тәуелді.

Д) *Сыртқы факторлар*. Ұлттық инновациялық жүйені пайдаланудағы тиімді құрал микро-, мезо-, макродеңгейлер үшін нақты қалыптасқан саясат болуы қажет. Бұл өз кезегінде территориялардағы мемлекеттердің қызығушылығымен, сонымен қатар әлемдік кеңістік пен елдің экономикасының бірігуімен байланыстырады.

Қазақстан экономикасын диверсификациялау мен экономикалық дамуды жеделдетін құрал ретінде инновациялық қызметті жүзеге асыруға күш салады. Ұлттық инновациялық жүйенің құраушыларын жақсартудың бастамашылық бағыттары ретінде инновациялық қызметтерде қолданатын мемлекеттік институттарды құруды ойластыру керек. Сонымен бірге кәсіпорынның өнімділігін жоғарылатуға, инновациялық жүйелердің және инновацияға деген сұраныстардың аймақтық ерекшеліктеріне бағытталған. Бірақ саяси шешімдерге қарамастан, кейбір құжаттың бағдарламалары, тәжірибелік іс-шаралардың институционалды жетілдірулерін қолдауға негізделген.

Қазіргі таңда ұлттық инновациялық жүйені түрлі құраушылардың өзара байланысының механизмі жеткілікті деңгейде назарға алынып отырған жоқ. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту» туралы жаңа Заң қабылданған болатын [11].

Бұл заң инновацияға деген сұранысты ынталандыруға қажетті түсінікті анықтап және жаңа мүмкіндіктерді ашуға негіз болған, бірақ нарықтық инфрақұрылым мен инновациялық қызметтер нарығын дамытуда ол шектеулер негізінде қалады, ал ҰИЖ дамытуда ықпалдастықты дамытудың қажетті жүйесі бар, ол түрлі құраушылар жүйесінің байланысын нығайтуға және ҰИЖ инновацияның басқа да түрлеріне бағытталған (2-кесте).

Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыра отырып, экономиканы инновациялық жолмен дамыту мәселесіне нарықтық экономикаға өткен кезеңнен кейін аса үлкен мән беріле бастады.

Қазіргі таңда еліміздегі ғылыми-техникалық сала мен инновациялық қызметте мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі болып аймақтық, салааралық, мемлекеттік сипаттағы арнайы инновациялық субъектілерден тұратын тиімді инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыруға болады.

Ресми және заңнамалық құжаттарда «инновациялық инфрақұрылым — инновациялардың өндірісіне жан-жақты қолдау көрсетуді мақсат еткен түрлі мекемелердің жиынтығы» деп түсіндіріледі. Алайда мұндай анықтама уақыт өткен сайын үнемі түзетіліп әрі толықтырылып тұруды қажет етеді. Себебі инновациялық инфрақұрылым құрамына кіретін ұйымдардың саны үнемі артып, инновациялық қызметті ұйымдастыру мен қолдаудың жаңа формалары пайда болып отыр.

Инновациялық инфрақұрылымға кіретін барлық ұйымдар инновациялық қызметтің біртұтастығын білдіретін белгілі бір технологиялық және экономикалық байланыста болады.

Коммерцияландыру — нарыққа жаңа және жақсартылған өнімдер, қызметтер шығару мақсатында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін немесе коммерциялық нәтижеге қолжеткізетін үдерістерді практикалық пайдаланумен байланысты үдеріс. Ғылымның нәтижелері болып табылатын инновациялық жобаларды, жоғарғы оқу орындарының ғылыми-зерттеу

жұмыстарының нәтижелерін коммерцияландыруды табысты жүргізу үшін жоғарыда көрсетілген инновациялық инфрақұрылым объектілерінің жүйелі, тиімді қызмет етуі аса маңызды болып табылады [12].

Қазақстанның инновациялық дамуына әсер ететін негізгі индикаторларды қарастыруға болады, жалпы осы көрсеткіш бойынша Қазақстан 13 позицияға көтерілді, оны 2-кестеден көруге болады.


2 - кесте

Қазақстанның 2010–2015 жж. инновациялық рейтинг көрсеткіштерінің өзгерісі

Көрсеткіштер	Жылдар						
	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2014/2015 ж. өзгерісі
Қазақстанның жалпы рейтингі	72	72	51	50	50	42	8
Инновациялар	102	116	103	84	85	72	13
Кәсіпорындардың инновациялық әлеуеті	75	101	92	74	69	68	1
Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы	112	121	108	102	99	81	18
Кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструктивті жұмыстарының шығындары	84	107	94	77	68	55	13
ҒЗТҚЖ саласында университеттер мен бизнестің ынтымақтастығы	111	119	90	79	88	88	0
Жоғары технологиялық өнімдерді мемлекеттік сатып алулар	83	93	71	58	74	63	11
Ғалымдар мен инженерлердің қолжетімділігі	91	106	104	98	83	70	13
1 млн халыққа патенттер	81	81	65	67	70	68	2

Ескерту. [13] материалдары негізінде алынған.

Берілген кестедегі мәліметтер бойынша, 2010–2015 жж. аралығындағы инновациялық қызмет көрсеткіштері өткен 2014 ж. салыстырғанда — 13, ал 2010 ж. салыстырғанда 30 орынға көтерілген, соның ішінде өткен жылмен салыстырғанда тек кәсіпорындардың инновациялық әлеуеті 1 орынға және 1 млн. халыққа патенттер көрсеткіші 2 орынға өссе, қалған көрсеткіштер 11–13 орынға артқан, ал 2010 ж. салыстырғанда Қазақстанның жалпы бәсекелестік көрсеткіші 30 орынға, яғни, 72 орыннан 42 орынға өскен, соның ішінде инновациялар көрсеткіштері де 30 орынға алдыға жылжығандығын көруге болады. Бұл көрсеткіштер елімізге 2012 ж. инновациялық «Индустриалды-инновациялық қызметтерді мемлекеттік қолдау» туралы жаңа Заң қабылдағаннан кейін өсе бастағанын көруге болады. Жалпы, нақты жағымды өзгерістерге қарамастан, Қазақстанда ғылыми саладағы кадрлық құрамды мемлекеттік қолдау мен ынталандыру қажет. Ол үшін инновациялық қызметті басқару керек, яғни, Қазақстанда ұлттық инновациялық жүйені құру кезінде әлеуметтік-экономикалық стратегияның басым бағыттарын басқаратын механизмінің моделін ұсынуға болады (2-сур.).



2-сурет. Мемлекетаралық кластерлерді қалыптастыратын ұйымдастырушылық-құқықтық механизмнің концептуалды үлгісі

Жоғарыдағы суретте ұлттық инновациялық кластерлерді қалыптастыратын ұйымдастырушылық-құқықтық механизмнің концептуалды үлгісі ұсынылған. Механизм жаһандық, ұлттық және аймақтық ортаны есепке алатын мемлекеттік органдар қызметінде қалыптасады және өткізілу қажеттілігін туғызады.

Инновациялық қызметтерді жүзеге асыру үш бағытта қалыптасады:

1. Негізгі инновациялық және ғылымисыйымды өнімді құру.
2. Өмірге инновацияларды енгізу деңгейін кеңейту.
3. Территориялар бойынша белсенді байланыс құру, өзара араласу.

Жалпы айтқанда, көптеген мемлекеттердің өздерінің экономикалық дамуларын инновациялық-экономикалық дамуларына қарай ығыстырып, Ұлттық инновациялық жүйе моделін ұлттық ерекшеліктерге сай дамытып, таңдау жасайды. Модельді таңдау кезінде көбіне білім мен ғылым жүйесі, экономикалық даму деңгейі анықталады. ҰИЖ моделінің дамуы үшін экономиканың нақты және ұзақ үрдісі, жаңаларын сатып алу мен дәстүрлі функцияларды орындау кезіндегі мемлекет пен бизнесті байланыстыру керек. Мемлекеттер жоғары ғылыми және білім беру басымдылықтарын бірінші қарастырады. Бұндай басымдылықтар өндіріске инновациялық құралдарды тез меңгеруі үшін қабілетті болып табылады. Мұндай міндеттерге көбінесе ғылым мен бизнестің орныққан іскерлік байланыстары, сонымен қатар мемлекеттік саясатты жатқызуға болады.

Кластер субъектісі ретінде көптеген экономикалық жүйенің институттары алынады, мемлекетаралық кластерлерді құру ішкі және сыртқы ресурстар есебінен жүзеге асады. Мемлекетаралық инновациялық кластерлерді құрудың болашағы әр елдің экономикасы мен мемлекетаралық байланысының дамуы деуге болады.

Жаһандану жағдайында көптеген дамушы елдердің экономикалық өсімі инновациялық саланың тиімді дамуына негізделген. Инновациялық қызметтің нәтижесі кез келген ұлттық экономиканың бәсекелестік факторы болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасында мемлекетаралық кластерлерді дамыту керек. Еуропалық даму тәжірибесі мен қаржылық зерттеулер мен түрлі әдістемелер мемлекетаралық кластерлерді дамытатын елдердің экономикасын арттыруға және кластерге қатысушы елдердің арасындағы қарым-қатынасын арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекетте мемлекетаралық кластерді дамыту инновациялық үрдістерді белсендіруді қажет етеді, ол үшін қаржылық ресурстар мен жанаша басқару жолдарын қарастыру керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Анисимова Е.Л. Международный кластер и национальная инновационная система: взаимосвязь и методология развития / Е.Л. Анисимова // Вестн. ПНИПУ. Социально-экономические науки. — 2015. — № 2. — С. 63.
- 2 Таубаев А.А. Қазақстан Республикасы ұлттық инновациялық жүйесінің негізгі даму үрдістері мен көрсеткіштерін талдау / А.А. Таубаев, С.Ш. Ақенов, Е.Д. Орынбасарова, А.С. Кернебаев // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Экономика сер. — 2016. — № 3(83). — С. 67–73.
- 3 Ұлттық инновациялық жүйесінің құрылуы мен дамуы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://bigox.kz/ulttyk-innovaciyaluk-zhujesinin-kuryluy-men-damuy>.
- 4 Ленчук Е.Б. Кластерный подход в стратегии инновационного развития зарубежных стран [Электронный ресурс] / Е.Б. Ленчук, Г.А. Власкин. — Режим доступа: <http://instituciones.com/strategies/1928-klasternyj-podxod-v-strategii-innovacionnogo-razvitiya-zarubezhnyx-stran.html>.
- 5 Тулепбекова А.А. Перспективы формирования инновационных кластеров в приграничных регионах Казахстана и России / А.А. Тулепбекова, А.С. Байтулаков // Евразийская экономическая интеграция. — 2013. — № 2(19). — С. 53.
- 6 Бычкова Г.М. Обоснование применения синергетического подхода к оценке эффективности функционирования кластера / Г.М. Бычкова // Известия ИГЭА. — 2008. — № 6(62). — С. 66.
- 7 Бык Ф.Л. Понятийные аспекты новой парадигмы управления / Ф.Л. Бык, В.Г. Китушын // Менеджмент в России и за рубежом. — 2007. — № 5. — С. 3–8.
- 8 Центр высоких технологий ЕвразЭС. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.evrases.com/about/sp_cvt.
- 9 Межгосударственная программа инновационного сотрудничества государств – участников СНГ на период до 2020 года. — 2011. — 18 окт. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.cis.minsk.by/page.php?id=19142&fw=true>.
- 10 Чистякова Н.О. Региональная инновационная система: модель, структура, специфика. [Электронный ресурс] / Н.О. Чистякова. — 2007. — Режим доступа: http://www.e.com/about/sp_cvt.
- 11 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 990 Қаулысы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31243621#pos=0;0.
- 12 Жидебекқызы А. Қазақстан Республикасының инновациялық инфрақұрылымы: ғылыми эзірлемелерді коммерцияландыруды дамыту негізі ретінде / А. Жидебекқызы // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Экономика сер. — 2016. — № 3(83). — С. 115–124.

13 Изменение показателей рейтинга конкурентоспособности Казахстана за период 2005–2015 гг. Партнерский институт ВЭФ по Казахстану АО «Национальный аналитический центр». [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.e.com/about/sp_cvt.

А.Б. Баймбетова, А.Г. Гиззатжанова, Д.М. Мухияева, Д.М. Айкупешева

Особенности конкурентоспособных инновационных систем Республики Казахстан при глобализации

В статье рассмотрены пути повышения конкурентоспособности инновационной системы Республики Казахстан в современных условиях. Сегодня как в производственной сфере, так и в сфере услуг одним из актуальных вопросов является обеспечение конкурентоспособности. Отмечено, что в Казахстане наблюдается повышение благосостояния общества в условиях глобализации и инновационного развития. Таким образом, рассматриваемый в статье актуальный вопрос показан в призме формирования и развития инновационной системы, разработки и внедрения законодательных актов и стратегии, их модернизации, а также межгосударственного сотрудничества в области инновационных возможностей, оценки угроз и формирования кластеров, позволяющих создать единую инновационную среду. Сегодня эффективность функционирования предприятий как производственной, так и сферы услуг на основе системной кооперации позволяет значительно повысить их конкурентоспособность на рынке. Данные аспекты дают возможность производства конкурентоспособного инновационного продукта, а точнее, позволяют сформировать новую рыночную модель бизнеса, национальную инновационную систему, распространить информацию и знания, а также обновить нормативно-правовую базу в данной сфере. Доказано, что в будущем кооперация в инновационной среде сформирует отличительную среду хозяйственных отношений. Рассмотрены вхождение Республики Казахстан в число развивающихся стран и обоснование эффективного развития инновационной сферы в условиях глобализации. Определено, что в результате инновационной деятельности национальная экономика обуславливается наличием конкурентоспособности.

Ключевые слова: национальная экономика, экономическая модель, стратегическое развитие, национальная инновационная система, межгосударственный кластер.

A.B. Baimbetova, A.G. Gizzatzhanova, D.M. Muhiyeva, D.M. Aykupesheva

Features of competitive innovative systems of the Republic of Kazakhstan under globalization

This article considers about ways that improve the competitiveness of innovative system of the Republic of Kazakhstan in the context of globalization. Competitiveness in an industry or service sector is very important. It seems that welfare of the people of Kazakhstan is improving during the global recovery and the innovative development of the state. Therefore, considered question in the articles is based on the revival and development of the national innovation system, modernization of the legal regulations and the development of strategies and innovative potential of cooperation between countries, opportunities and risks assessment, as well as clusters, which bring them together. Nowadays, optimal and effective service of production or service enterprises allows to overtake or to stand out in the level of competition and cooperation. Thus, this kind of actions give an opportunity to form new models on the market, national innovation systems; to spread information and knowledge; to strengthen the regulatory and legal framework. Innovative potential of cooperation of countries stands out by their future development and change. The joining of the Republic of Kazakhstan to the rank of many developed countries, the effective development of innovation sector, which shows economical growth, is observed in the article. The result of innovative services based on the competitiveness of the national economy. Considered the entry of the Republic of Kazakhstan in a number of developing countries and the rationale for effective development of innovative sphere in the conditions of globalization. The result of innovative activity, national economy is based on the existence of competitiveness.

Keywords: national economy, economic model, strategic development, national innovation system, inter-cluster.

References

1 Anisimova, E.L. (2015). Mezhdunarodnyi klaster i natsionalnaia innovatsionnaia sistema: vzaimosvaz i metodolohiia razvitiia [International cluster and national innovation system: the relationship and development methodology]. *Vestnik Permskoho*

hosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. Sotsialno-ekonomicheskie nauki – Bulletin of Perm State Technical University. Socio-economic science, 2, 63 [in Russian].

2 Taubayev, A.A., Akenov, S.Sh., Orynbasarova, E.D. & Kernebayev, A.S. (2016). Kazakstan Respublikasy ulttyk innovatsiialyk zhuiesinin nehizhi damu urdisteri men korsetkishterin taldau [The main development trends and analysis of indicators of the national innovation system of Kazakhstan Respubliki]. *Karahandy universitetinin khabarshysy. Ekonomika Seriiasy – Bulletin of the Karaganda University. Economy Series, 3(83), 67–73 [in Kazakh].*

3 Ulttyk innovatsiialyk zhuiesinin kurylyuy men damuy [The formation and development of the national innovation system]. *bigox.kz* Retrieved from <http://bigox.kz/ulttyk-innovatsiialyk-zhuiesinin-kurylyuy-men-damuy/> [in Kazakh].

4 Lenchuk, E.B. & Vlskin, G.A. Klasternyi podkhod v strategii innovatsionnogo razvitiia zarubezhnykh stran [Cluster approach in the strategy of innovative development of foreign countries]. *institutiones.com* Retrieved from <http://institutiones.com/strategies/1928-klasternyj-podxod-v-strategii-innovatsionnogo-razvitiya-zarubezhnyx-stran.html> [in Russian].

5 Tulepbekova, A.A. & Baitulakov, A.S. (2013). Perspektivy formirovaniia innovatsionnykh klasterov v prihranichnykh rehiionakh Kazakhstana i Rossii [Prospects of formation of innovative clusters in the border regions of Kazakhstan and Russia]. *EvrAziiskaia ekonomicheskaiia intehratsiia – Eurasian Economic Integration, 2(19), 53 [in Russian].*

6 Bychkova, G.M. (2008). Obosnovanie primeneniia sinerheticheskogo podkhoda k otsenke effektivnosti funktsionirovaniia klastera [The rationale for a synergistic approach to the assessment of the performance of the cluster]. *Izvestiia Irkutskoi gosudarstvennoi ekonomicheskoi akademii – Izvestiya of the Irkutsk State Economic Academy, 6 (62), 66 [in Russian].*

7 Byk, F.L. & Kitushyn, V.G. (2007). Poniatiinye aspekty novoi paradigmy upravleniia [Conceptual aspects of the new management paradigm]. *Menedzhment v Rossii i za rubezhom – Management in Russia and abroad, 5, 3–8 [in Russian].*

8 Tsentri vysokikh tekhnologii EvrAzES [Center of high technologies of EurAsEC]. *www.evrases.com* Retrieved from http://www.evrases.com/about/sp_cvt [in Russian].

9 Mezhhosudarstvennaia programma innovatsionnogo sotrudnichestva hosudarstv – uchastnikov SNH na period do 2020 hoda [The interstate program of innovation cooperation of States – participants of the CIS up to 2020. (2011, 18 October). *www.cis.minsk.by* Retrieved from <http://www.cis.minsk.by/page.php?id=19142&fw=true> [in Russian].

10 Chistyakova, N.O. (2007). Regionalnaia innovatsionnaia sistema: model, struktura, spetsifika [Regional innovation system: model, structure, specificity]. *www.e.com* Retrieved from http://www.e.com/about/sp_cvt [in Russian].

11 Kazakstan Respublikasynyn 2020 zhylyha deiinhi innovatsiialyk damu tuzhyrymdamasy turaly [The concept of innovative development of the Republic of Kazakhstan till 2020]. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2012 zhylyhy 30 shildedehi N 990 kaulysy – № 990 of the resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan from 2012 30 June. *online.zakon.kz* Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31243621#pos=0;0 [in Kazakh].

12 Zhidebekkyzy, A. (2016). Kazakstan Respublikasynyn innovatsiialyk infrakurylymy: hylymi azirlemelerdi kommertsialandyrody damytu nehizi retinde [Innovation infrastructure of Kazakhstan: the basis for the development and commercialization of scientific]. *Karahandy universitetinin khabarshysy. Ekonomika Seriiasy – Bulletin of the Karaganda University Economy Series, 3(83), 115–124 [in Kazakh].*

13 Izmenenie pokazatelei reitinha konkurentosposobnosti Kazakhstana za period 2005-2015 hh. Partnerskii institut VEF po Kazakhstanu AO «Natsionalnyi analiticheskii tsentr» [Changing indicators of competitiveness ranking of Kazakhstan for the period 2005-2015. Partner Institute of the WEF in Kazakhstan JSC «National analytical center»]. *www.e.com* Retrieved from http://www.e.com/about/sp_cvt [in Russian].